



1 200 ₣
94 к


Зейнолла Шукров






жазықтың жаңа мәдениетінің
імаратының шеңберінде

Зейнолла ШУКІРОВ



Сыр бойы



Алматы
“Кайнар”
2006

Н-Т (жаз) № 200
2006-09-28

№ 01092588

Қазақстан Республикасы
Мәдениет жөнне ақпарат министрлігі
Ақпарат жөнне мұрагат комитетінің багдарламасы
бойынша шыгарылып отыр

Баспаға өзірлеген Алпысбай Шүкіров

Шүкіров З.

ІІІ 96 Сыр бойы: Тарихи роман. 1-т. – Алматы: «Қайнар»
баспасы, 2006. – 432 бет.

ISBN 9965-9948-1-1

Біртума дарын, әйгілі жазушы Зейнолла Шүкіровтің «Сыр бойы»
атты тарихи романы Сыр өнірі казактары мен қарақалпактардың
XVIII–XIX ғасырлардағы өмір айнасы іспетті. Бұл романның бірінші
томына кірген екі бөлімде осы екі елдің басындағы ауыр оқигалар
суреттеледі. Бір жағы – Нұралы ханның үрпағы – Арынгазы мен Жан-
ғазы сұлтандардың, бір жағы – Хиуа мен Қокан хандықтарының қыс-
пағында қалған казактар мен қарақалпактар тәуелсіздік майданына
бірігеді. Жылқаманнан басталатын батырлар көшінде Жанқожа мен
қарақалпак Жанназардың орны ерекше көрініп, бауырлас екі халық-
тың достығы бейнеленеді.

ІІІ 4702250201
403(05)-06

ББК 84 (5 Қаз.) 7-44

ISBN 9965-9948-1-1 (1-т.)

ISBN 9965-9948-0-3

© Шүкіров З., 1998
© «Қайнар» баспасы, 2006

БАСПАДАН

1934 жыл еді. Қаратөбе аулынан бес шакырым жердегі Бөген қыстауына қатынап оқытын Зейнолланың астындағы қараша інген қалбалактаған қарадан үркіті де, бала жерге мұрттай үшты. Элі қатпаған балғын омыртқа орнынан тайып кетіп, қатты мертіккен бала ет қызыумен түйесін үстап шөгөріп, екі өркештің ортасына асылып, азар дегендे үйіне оралады. Аудан орталығынан алыс ауылда ол жылдары дәрігер атаулы болмаған. Ауыл арасындағы бірен-саран емшінің жәрдемі болмады. Бала осы жатқаннан төсек тартып жатып калды. Қимыл-козғалыссыз жату ішкі сарайға – бүйрек, бауырга әсер етті. Мұның үстіне соғыстан кейінгі жылдары өкпесін сұық шалуы, он көзінің көрмей қалуы, неше түрлі «ит» дертердің жабысуы және бар. Осылардың бәрі онсыз да дімкәс денеге көленке болып, сүрленген сырқаттарға айналады.

Сөйтіп екі кластан артық білімге қолы жетпей, күндіз ой шырмауында, түнде ауру азабында қамкөніл болып жатқан балынның қолына әлдекалай бір сиқырлы кітап түседі. Сиқырлы дейтініміз: оның Зейнолланың өміріне үлкен бетбұрыс жасап, келешегін белгілейтіндігінде, кесілген үмітін жалғастырып, жөн сілтеп, жолға салар шамшырақтай болғандығында еді.

Бұл – Николай Островскийдің «Құрыш қалай шынықты» романы екен.

Науқас бала осы кітапты бас көтермей бір түнде оқып шығады. Кітаптағы Корчагин мен оны жазған Островский тағдырынан ол өз тағдырына ұқсастық тауып, кеудесіне үміт сөүлесін құяды.

Өмірдің сол күні алғаш ұғып мәнін, Білдім мен құрыш қалай шынықканын. Толкымын қараймын да бұл кітапка, Кеудемде сезіп қайта үміт таңын, –

деп жазды кейінірек ақын өзіне құш-қуат берген кітап жағында.

Кітапқа құштарлық оны басқа тілді үйренуге итермелейді. Аудан орталығы Арап Қаласына қатынап тұратын, аз-кем орысша сауаты бар ауылдастарынан сұрай отырып, әрі өзінше орысша-қазақша сөздіктен аударып, ақырында бұл тілді де біршама түсінетіндегі жағдайға жетеді. Оның кейін орыстың белгілі лирик ақыны Ф.Тютчев өлеңдерін қазақшага аударып, жеке кітап етіп бастыру дәрежесіне жетуі – сол кездерде басталған қайсар еңбектің, талмай талпынудың жемісі еді.

Әдette қай ақын-жазушы болмасын, әдебиеттегі өмір жолын тырнақ алды шығармасының баспасөзде алғаш жарияланған тұсынан бастайды. Бірақ бұдан оның тұнғыш туындысы осы екен деген ой тумаса керек. Қаламының сиясы кеппей жатып, тезірек редакцияға жолдауға асығатын желқабыздар болмаса, шын мәніндегі сөз қадірін білетіндер жазғанын алдымен ой елегінен өткізіп, ақыл сарабына салып барып редакцияға жолдайды. Зейнолланың есімі баспасөз бетіне тұнғыш рет 1946 жылы «Сайлансын» атты өлеңмен көрінсе де, ол бұдан бұрын да өзінің ауыр тағдыры, қамықкан көнілі, ата-анасы, туған жері туралы талай дәптерлерді толтырған еді.

Алғашқы шығармасы жарық көргеннен кейін араға төрт жыл салып 1953 жылы «Әдебиет және искусство» (қазіргі «Жұлдыз») журналында жарияланған «Менін достарым» атты дастаны әдебиет бәйгесіне жана бір жүйріктің косылғанын пашетті. Сол кезден бастап жазғандары облыстық, республикалық баспасөзде арасын сүйтпай жарияланып, аз уақыт ішінде Шүкіров республикаға белгілі ақынға айналды. Жас ақынның 1955 жылы «Менін достарым», 1956 жылы «Жас жүрек» жинақтары бірінен кейін бірі жеке-жеке кітап болып жарық көрді. Бұдан кейінгі «Теніз жырлары», «Арап дәптері», «Жүрекке өмір жүрмейді», «Алау», «Арап толқындары», «Сағыныш», «Адам – Жер – Ана», «Күншуақ» атты өлеңдер мен поэмалар жинағы, бір томдық тандамалы өлеңдер мен поэмалар жинағы – міне, Зейнолла Шүкіровтің поэзия саласындағы еңбектерінің ұзын саны осындей.

Зейнолла ақын кезінде поэзия ұғымына шын мөлдір сезімді, өзін толқытқан толғаныс-тебіреністі түгел сыйғызған, одан алған әсер сәулесін көнілінде көріктендіріп, кеудеден қайта шығара білген үлкен суреткер. Оның лирикалық кейіпкерлері шетінен сезімтал, алғыр, арманшыл, құрескер.

Оларда сарыуайымшылдыққа салыну, күйреу, жасу, күйгелектену дегендер кездеспейді.

Ақынның поэзиясында көрнекті орын алатын сұбелі туындылар — поэмалар. Оның үлкенді-кішілі оннан астам поэмасы жарық көрген. Мұның ішінде ақынның өсу, толысу кезеңіндегі белгілі бір белес боп саналатын шығармасы «Дауыл» жас балықшылар Әмірін суреттеуге, «Орамал», «Аня» поэмалары.. Отан соғысы тақырыбына арналған, «Жүрекке әмір жүрмейді» мен «Ажырамас құшактарда» — адаптация, мәңгілік маҳабат жайында сыр шертеді. Ал «Адам мен тағдырда» — адамның женілмес рухы, өр мінезі, қайсарлығы, Әмірге ғашықтығы сөз болады. Бұдан кейінгі «Алау», «Олимпиада», «Клеопатра» поэмалары да бас-аяғы жұп-жұмыр, шоктығы биік шығармалар. Жалпы Зейнолла поэзиясының майда, жанға жағымды, сазды, әдемі қаланған кірпіштей жымдастып жатады. Оның лирикалық өлөндеріне Н.Тілендиев, Ш.Қалдаяқов сияқты сазгерлердің жүрекке жылы тиетін әндер жазуы да содан болса керек.

Зейнолла Шүкіров шығармашылығында басты орын алатын туындылары — проза жанрындағы кітаптары. Балықшылар Әмірін суреттейтін «Тоғысқан тағдырлар» повесі 1961 жылы баспадан шығып, қалың оқырманның ықылас-ілтиппатына бөленді. Осы кезден бастап ол проза саласында үлкенді-кішілі бірқатар шығармалар жазды. Соның ішіндегі басты-бастыларын атап өтсек, «Ғажайып құмыра», «Сырлы дүние», «Ізгілік іздері», «Жас жесір», «Қыын түйін», «Отты өткелдер», «Сарша тамыз». Бұл шығармаларда адам Әмірінің түрлі кезеңдері жанжақты сөз болады. Мысалы, «Жамал» повесінде — ар тазалығы мен опасыздықтың арбасуы, «Биік шында қар жатады» повесінде — адамның рухани қуаты мен әлсіздігінің қақтығысы, «Шыңдан — шыңырауға» повесінде ойлы философия бар. Оның «Қыын түйін» романы Қазақстан Жазушылар одағының жабық конкурсында жүлде алды, сондай-ақ «Саршы тамыз», «Сырқат» повестері де өр жылдары өр түрлі бәйгелердің жүлдесіне ие болды.

3. Шүкіров әдебиеттегі басты жанрлардың бәрін де игеріп, талмай ізденіп, табандылықпен жемісті еңбек етті. Оның үшкір киялы қияндағыны шалды, нәзік жаны Әмірде лұп еткен барлық құбылысты тап басып сезді, сол көрген, сезген, түйгегінің сезімтал көңіл елегінен откізіп, оқушысына өрнектен жеткізе біледі. Оның қай шығармасын оқысаңыз да, әдеби кейіпкерлері құр киялдың жемісі емесін, Әмірдің бітеп қайнаған

қалың ортасынан алған сыр мінез, таныс жандар екенін аңғарасыз. Ол өмір тынысын үйде жатып, сырттан бақыламай, оған өзі де белсене араласып, облыс еңбекшілерінің, студент жастардың арасында жи болатын. Бұл оның шығармаларының шыншылдығын арттырып, өміршендігін өсіре түсуге себін тигізді, окушы жүргегіне жарқын жол табатын туынды болуна көмектесті.

Улken талант иесі 1979 жылы желтоқсанның 26-сы күні 53-ке қараған шағында дүниеден өтті. Осының алдында ғана ол Сыр бойы қазактарының XIX ғасырдағы тұрмыс-тіршілігін, аумалы-тәкпелі аласапыран өмірін, соқтықпалы-соқпалы тағдыр-талаіын қамтитын «Сыр бойы» атты сұбелі романын тәмамдаған еді. Жазушы тек қана тарихи фактілерге, ел аузында жүрген әңгімелер мен дәлелдеме-деректерге сүйенген. Басты кейіпкер Жанқожа батырдың бейнесі асқақ та биік. Зейнолла Шүкіров сомдаған кейіпкер Жанқожа – тарихи Жанқожа сияқты – қазақ болып туғандарды елімізді, жерімізді шексіз сүюге тәрбиелейді.

Өкінішке орай, Зейнолла Шүкіровтің бұл еңбегі әр түрлі себептермен окушы қолына тым кештеу тигелі отыр.

Зейнолла Шүкіров – қазақ әдебиеті тарихында өшпес із қалдырған айтулы тұлғаларымыздың бірі.

Бірінші бөлім





БУЛНШЛІК ОСЫЛАЙ БАСТАЛДЫ

Көз жетер жерде қарайған қара жоқ, сар далада сағым көшеді. Сары шалдың астындағы Ақтүлпар сар желістен танған жоқ. Сарбасаттың сыртындағы ауылдан таң сәріден шығып еді, енді күн сәскеге көтеріліпти.

Сары шал заманында қапсағай жігіттің бірі, карттық жеткен сон дене де шар тартады. Сінірлі бұлшық еттерді май басқан. Күзен ішіктің шалғайын тізесінің астына қымқырып ба-сып, үйдег болып отыр. Шолак төбелі тұлкі тымақтың құлағы қайырып байлаулы. Күзен ішіктің тысы түйе жүні биязы шек-пен, тымақтың тысы көк мауыты. Ал кең қоныш былғары мәсінің сыртынан көксаяурылатып тіккен кебіс киіпті. Шалдың том-пақтау біткен қой көзінде күйініш ізі бар. Төбесінде жарысып қалмай келе жатқан ала бұлттың қабағын баққандай. Қызыл былғарымен қаптатқан ердің күміспен шегеленген касында са-лақтаған садақ – сары шалды бейбіт жолаушыдан гөрі, жортуылыш батырға көбірек ұқсататын еді. Санын соғып келе жатқан қорамсақта сүр жебелердің ұшы қылтияды.

Карт ер үстінде енкейе түсіп, атының мойнын сипады. Ақтүлпардың құлак түбі қоңырқай тартып, тер білініп тұр. Кешегі бәйгеден кейін сыр бермей келе жатқаны... Жануар бабында екен. Жәнікенің бурыл атын арқан бойы артқа тастады-ау... Сары шалдың жүзі сәл жылы шырай тартты.

Бұл Жылқайдар батыр еді. Тайлак бидің асынан қайтқан беті. Талдыеспеде төрт қонды. Ақтүлпары бәйгіден келді. Осы аста бір Жылқайдар емес, бар Жақайымның мәртебесі бір көтеріліп калғандай... Бірак қайтатын күні қабағына кірбің түсті.

Әке балаға сыншы: Сырлыбайдан тараған көп жаманға батырдың көнілі әсте толған емес. Бәрі де Жылқайдардан буына семіріп, сыртқа шықса кеуделерін соғады. Зәуде бір арғын-қыпшақтың ауылын торып, бір үйір жылқысын алып қайтса, үйге сыймай құпінеді... Бұрын заман басқаша еді...

Жылқайдар он бес жасында ат жалын тартып мініпті. Құба

қалмақ заманы жолықты. Жиырмадағы жігіт санаттағы батырлардың бірі еді. Батыр атағын ол ас пен тойда төбелес шығарып алған жок. Қалмақтың жер қайысқан қалың қолына тайынбай шауып, ат сауырынан қан кешкен жарқанда, қыңқ етуге намыстанатын. Екі рет қылышқа ұрынды... Жылқайдардың найзасы тиген қалмақ аман кеткен емес!

Батыр ішінен шықкан баласы Бостанға күйіп келеді. Бір базына қос табақ сұратқаны не сүмдіғы? Енді мешкейлік мақтан болғаны-ау. О, тоба! «Арғымактың баласы аз оттар да, көп жусар...» Өзімен құрдас Жәніке миығынан күлді. «Жабысың» дегені ғой. Жаман баланың қылығы Жылқайдарды дүшпанның табасына калдырыді.

Жас жеткен соң адам мінез ашады екен. Бүгінде Жылқайдар тентек шал атанды. Тілінен бұрын қамшысы жүреді. Соны істейін демейді-ау, жамандардың қылығына күйеді ғой. «Ораздының баласы он бесінде бас болады...» Бостан елу беске шықты... «Ақтабан шұбырындыдан» кейін конысына кайта оралған қазақ есін жинап келе жатқан. Алтын тақта Әбілқайыр... Ол да бір заман екен-ау. Әкесі Сырлыбай жонғар шапқыншылығынан кейін тыныштық орнаған кезде, ырым қылып, Жылқайдардың тұңғышына Бостан атын берді. Ал Әбілқайыр өлген соң жеті жыл өткен кезде Достан туды...

Кеше түсте ас тарқады. Жылқайдар ат үстайтын бала таппады. Сырлыбай ұрпағынан жан қалмай, Бостанға еріп кетіпті. Сонда батырдың есіне он екі жасар Байшоқы түскен. Жаршагыл алыстан биік қырат сиякты болып көрінеді. Баланың атына ата конысын ырым қылды. Картайғанда көрген шарана тәтті бола ма, Жылқайдар кенжесіне жан тенгермейді.

Ирелендеген жалғыз аяқ жолдың, қалың жыңғылды шокаттардың арасына кіргенін байқап, сары шал ердің үстінде түзеліп отырды. Анадай жерде Қарашоқат... көрінгелі бір заман, жеткізбей келеді.

Қарашоқаттың сыртында жостыртып келе жатқан жалғыз аттыны көріп елең етті. Қашқын ба, күғын ба? Кайдан шықты? Ұшыртуы жаман екен. Ер үстінде қалай-қалай отырады? Жасы сексенге тақап қалса да, батырдың көзі қырагы еді. Бейсеубет жолаушынын ат жалын құшып жатқанын кенет байқады. Әлде неге тұла бойы мұздап, құлағы шулағандай. Ақтұлпарды қаттырақ тебініп, енді салттаттының алдын кес-кестей шапты.

Жасы отыздар шамасындағы жігіт екен. Басы жарылған. Аққан қаны бетіне жолак-жолақ із салып, қақ болып қатып қалыпты. Жылқайдар жеткенше болған жок, ерден сыйрылып

түсті. Торы айғыр бір жамандықты сезгендей, кілт тоқтады. Оның да үсті малшынған тер, төбеге ұргандай қозғалмайды.

— Ей, кімсің? Не болды?! — Жылқайдар аттан түскелі қамданып, он аяғын үзенгіден шығарып жатыр еді.

— Мән... Сырлыбай...

Жігіт одан өрі тілге келмей, көз жұмды.

— Мынау не дейді? Мән, Сырлыбай?..

Сырлыбай өз әкесі болғанда, Мән кіші шешесінің аты еді.

Сырлыбайдың үш катыны үш ауыл... Ауылға жау тигені ғой!

Үш ауыл катар отыратын еді. Мына жігіттің түсі өз аулының жылқышыларына үксамайды. Әлде қөктемге салым жылқыға түрған басқа ауылдың кірме жігіттерінің бірі ме екен?

Әлгінде тұла бойын мұздатқан жаман түйсік қайта жүйткіп өткендей. Жылқайдар Актұлпардың басын Карапашоқатқа қарай бүрді. Камшымен жостырып, айқайды салып барады.

— Аттан, аттан!

* * *

Тұн тастай қаранғы еді. Қара барқыт аспанда түйдек-түйдек бұлт көшеді. Қөктемгі жел ызғары сүйегінен өткендей, сап-салқын. Нұртай бойы тонази бастағанын байқады.

Қырық аттың тұяғы жер төбесін оятында дүсірлейді. Тұнгі дыбыс қиянға кететінін білетін Нұртай, желіккен жігіттерді еркіне жібермей, аяңмен келеді. Алдарында жол ұзак, сүргін шабуыл күтіп тұр. Әзір ат қинауға ертерек еді...

Анда-санда үзенгілер қағысып қалып, шылдыр етеді. Алтын ай бүлттың тасасынан бір сығалап қойып, қайта жасырынды. Әлдеқайда даудақ шыңғырып, артынан жым-жырт болды.

— Жігіттер, анау қарайғанды байқап келесіндер ме? Сарбұлақ сол! — Нұртайдың дауысы тыныш тұнді селк еткізгендей, жігіттер аттарында бір-бір қозғалып қойды. — Казір Шүкісудің үстімен жүреміз. Осы манайда Мәмбет-Сырлыбайдың аулы отыратын еді. Ендігі олар жайлауға шықты. Жан-жақтарынды зерлей отырындар. Алдымызда сай бар. Сонда жетіп ат тынықтырамыз. Ақназардың да хабарын білу керек...

Кеше түнделетіп келіп жортуылшылар Шеміштің жырасына жасырынған. Күндіз ат аркасын сұзытып, аркандалап қойып оттатты. Нұртай сол жерде Ақназарды ілгері оздырып жіберген.

— Жалғыз адам елеусіз. Жан-жағындағы құдық-құдықтарды шола жүріп, бүгін тұн қалайды Сарбұлақ тауына ілігетін бол. Өзің білесін ғой, Шүкісудан әрірек, биік жонды етектей үлкен жыра жатыр. Қырық жігітті жасыруға жарайды. Бір мезгіл ат аркасын сұytармыз. Бізді сол жерден күт.

Шөміштін маңы мидай жазық ақ тақыр, оты-сусы жокка тән, көшпелі ел көп аялдамайды. Жортуылшылар зауал ауа атқа қонған. Нұртай жершіл, құмға соктырмай, қайда қатқақ жерді қуалап, жолсызben тіке салып келеді. Арал тенізінің тұсынан на-маздыгер әлетінде отті. Тебіренбестің үстінен тұнделетіп асты. Ара-тұра at тұяғын қыздырып жарысып алады.

Қазақ ауылдары жақын жерде екенін есіткен жігіттер жан-жағына елендей қарады.

— Көне, тоқтай қалындар!

Нұртай at басып тартып, оқыс тоқтады. Даусы ақырын шыкканмен, әмірлі естілді. Іркес-тіркес келе жатқан жұрт at басын түйістіріп ошарылып қалған. Мұрынға судың ісі, сызы-дың ісі келді. Аттар тізгіндерін сүзе жерге ентелейді.

— Жануарлар шөлдеген екен. Ауыздығын алындар. Бірақ аттан түсіп, уақыт оздырмайык!

Жігіттер ер үстінен етбеттеп, аттарының ауыздығын сы-пирды. Түк көрінбейді. Суды аттың тұмсығы тауып жатыр.

— Жанназар, сен аттан тұс. Жігіттердің жанторсығына су құйып бер, — дед Нұртай әмір етіп тұр.

Әлдекайда маңқ-маңқ үрген иттің дауысы келеді.

— Мәмбет-Сырлыбай Сарбұлақта отыр екен. Мынау Құтпанның даусы. Қырағы ит еді. Әлі тірі екен-ау, жарықтық, — дегенде Нұртайдың дауысында діріл білінді.

Әрі-беріден соң иттердің даусы көбейді. Шабаланған, маң-қылдаған, ұлыған қырық құрау дыбыстан тұн жүрегі дір етіп, үйқысы шайдай ашылды. Бірақ ауыл бұл маңайдан екі-үш ша-қырым жерде еді. Нұртай айылын жиган жоқ. Алыстан айбат шеккені болмаса, иттер де үмтүлмады. Әлдекайда біреудің ай-тақтаған даусы барлығынқы шығады.

— Ал, кеттік! — деді Нұртай кенет асықтырып. — Бөрі-карыдан күтініп отыратын сақ ауыл еді. Дүрлігіп жүрер. Тезірек қара үздіріп кетейік.

Жігіттер аттарының ауыздығын салып, дүрк қозғалды.

Сөлден кейін иттер де шабаланғаның қойып, далада тағы да жым-жырт тыныштық орнады.

— Мен айтқан жыра осы тұста. Ақназар үйіктап қалмаса, күтіп тұрған шығар, — дейді Нұртай құнқ етіп.

— Эне, біреу қарайды.

Нұртай атына қамшы басып шоқытып шыға берді. Қарын-дағы найзаны ердің үстіне алып, онтайлай ұстап барады.

— Нұртай аға!

— Ақназармысын, ей? Тірімісін, бауырым!?

— Тірі болмай...

— Ал, кәне, көрген-білгенінді айта бер!

— Ылғи құмды іргелей жүріп отырдым. Теніз маңында үштөрт құдықтағана ауыл бар. Бәріне де соғып сусын іштім. Жылқышы, қойшы-қолаң болмаса, бұл өнірдегі ауылдарда қару үстайтын ер азаматтан ешкім жок. Бәрі Тайлақ бидің асында, қайтпай жатқан көрінеді.

Бұлар атқа қонғалы бір айдың жүзі болды. Әмудариядан Жінішке құмға шейін... мын шақырым жол асқан екен...

Бір кезде мынау ұшы-қиырызы дағала оның қиялын еліктіре тартатын еді. Қаршадайдан кешкені бейнет, жетім бала Нұртай жер кеппендерді, қолсамар атты... Бай ағайын ақ иық қылған бала он алты жасқа шықкан жылы сызып түрді. Қазақ арасы, кең далада жүйрік мініп жостырып жүретін жылқышы өмірі оған жұмақ көрінетін. Сол арманы Жақайым Жылқайдар батырдың жылқысын бактырды... Жұмысына адал, қайратты жігіттің ісіне қазақ батыры сүйсінді. Екі жылдан кейін Нұртай бір қос жылқышының басшысы болып шыға келді.

Батырдың екі баласы Бостан, Достан үйірдегі жылқыға жиे қатынайды. Екеуі де кеудесіне нан піскен мақтаншақ... Әсіреле Достан Нұртайға қожандап тыныштық бермейтін еді. Есіл-дерпті күрес. Сол күрестің кесірінен Нұртай Жылқайдардан кетті. Бір жығылған жолы намыстанған Достан жас қарақалпақты басынан тартып қалған. Содыр қамшы жігіттің шала мас санасын дүр сілкіндіргендей, туған жерін еске алды. Қайтқысы келіп қынқылдаған Нұртайды батыр онан соң да бір жаз ұстады. Кимайды екен. Катын алып беріп, үстіне үй тікпек те болды...

Қазақ арасында жүріп Нұртай көп нәрсеге түсініп еді. Жылқайдар қатын әперіп, қасына консы қондырады екен. Оның аты құлак кесті құл деген сөз. Байға өмір баки қарыздар, жылқы сонында күні өтеді. Таяқ соғар ағайыны да жоқ... Достан төбесінен қырғыш сүйек алса да көнуі керек...

Жылқайдар төрт жылғы енбегі үшін ат мінгізуі керек еді. Ақ тай Нұртайдың қолына солай түскен...

Бес жұз жылқы ішінде жүйрік көп. Бірақ Нұртай біреуін де ұстаган жоқ. Көк биенін ізінде құлдырай шауып жүрген ақ тайға көптен қызығатын еді. Түгі басқа жылқыдан бөлеқ, сүттей аппак. Жылқы баққан бес жылда талай құлынды ат қылып өсірді. Әлгі тайдан түбі ат шығарын іші сезетін...

Жылқайдар сөзінде түрді. Нұртай Ақиректегі ауылына тай жетектеп қайтты. Бес жыл кісі есігінде жүріп, қолына жалғыз тай іліпті. Қатар-құрбылары Нұртайды келемеждейтін еді.

Ақ тай төрт жылдан кейін Ақтұлпар атанды. Қазақ пен қарақалпақтың талай асы мен тойында додаға түсті. Ақтұлпар

атанғалы бәйгені басқаға берген жоқ. Хиуа ханының үкілеп баққан талай арғымағы Ақтұлпардан сүрінді. Нұртайдың атағы әрі асып Үргенішке жайылды. Ақтұлпар үшін хан құшағын ашты. Ақтұлпар үшін қазак байлары үйір-үйір жылқы ұсынды. Мейманасы тасқан бай бағлан жалғыз атты кедейге жылқының жүйрігін, астың дәмдісін де қимайды. Мандайна басқан жалғыз тұлпарын Нұртай қызға айырбастамайды. Ақтұлпардың даңқы асқан сайын, оның дүшпаны да қөбейді.

Жылқайдар бір жазда екі келіп кетті. Ақтұлпарды қолқа-лайды. «Тұби өзінен шыққанын» ескертті. Қазактың білсөн ба-рымта, білмесен қарымтасынан Нұртайдың да хабары бар... Қайта-қайта қылған қазак батырынан сескенді. Тұған жерін тастап, Үргеніш асқаны соナン кейін...

Хорезм жұртындағы Айdos бимен көніл жақындығы бар. Нұртайдың Үргеніш асуына қарақалпак биінің бір ауыз сөзі се-беп болды. Жас Айdos қарақалпактардың әр жерде шашылып жүргенінен шығарып, көптенгі күйінішін актарған еді. Албырт Нұртай үйіп қалды.

— Қарақалпактың түбіне корқақ сұлтан Қайыпқали мен Оразақ батыр жетті ғой. Қөздері қарайғандай, Әбілқайырдың қолтығына кірді. Өрдегі қарақалпак Сұлтанмұратты хан көтер-ген жоқ па? Соған қосылуы керек еді. Ақыры қорлықты сол қазактар көрсетті. Әбілқайыр, Абылай, Ерәлі, Есім — казак сұлтандарының қарақалпакқа көз алартпағаны жоқ екен. Шап-қыннан көз ашпады. Тоз-тоз болы, Жаңадария мен Куандарияға қарай босты. Сыр бойында кім қалды? Желкесінде Қызылқұм, қазактың содыр батырлары сойылын әлі тақап отыр. Әмударияның жағасынан қоныс беріп, қасына шақырған Хиуа ханына қарақалпактар сонда жолағылары келмейді...

Айдостың әкесі Сыр бойынан Ерәлінің соңғы жорығының тұсында қоныс аударыпты. Қазакты айтса, көзіне қан толады. Ай-dos қарақалпактарды Хиуаның қоластына жинап, басын қосқысы келетін еді. Күшейінкіреп алған соң, қазактармен ақ наизаның үшін алдына тосып сөйлеседі. Ата қонысын қайта даулайды...

Бұл сөзге Нұртай да елігіп жүр. Төрт-бес үй Оймауытын ертіп Үргенішке тартып тұрды... Бірақ Айdosқа қоңсы қонған жоқ. Бір ауыл болып, болек отырды.

Былтыр күз ойда жоқ пәле кездесіп, Ақтұлпар қолды болды. Нұртай алғаш Хиуа ханынан қауіптеніп еді. Астыртын тың-шы салып, күдік алған жерлерін арылтып шықты. Үргеніштің үрысынан аман сияқты... Қыс ортасында сұық хабар жетті. Жа-қайым Жылқайдар батырға файыптан бір Ақтұлпар пайда бо-лыпты... Нұртайдың іші кіпі алды...

Әуелі Ақназарды жұмсап анығына жетті. Жылқайдардың қолындағы өз түлпары еken. Сонда мың шакырым алыстан Жылқайдар қалай келіп алды? Қандай жүрек жұтқанды жұмсады?

Сол күні-ақ аттанатын еді. Айdos жібермеді. Қазактың қарақалпакқа көрсеткен ақыреті az емес. Ақтұлпар қөп зорлықтың бірі. Өзі тағы Жылқайдардың қолына түссе, онайлық-пен қайтармас. Қамданып бару керек деп еді.

Содан соң Ақтұлпар оқиғасын бір әрекетке пайдаланып қалғысы келетінін айтты. Нұртай мөрт жігіттің ісін қылуы керек. Әңгіме Ақтұлпарда емес, қарақалпақтың кеткен есесін кайтаруда жатыр... Осылай Айdos бидің үйінде Жылқайдар ба-тырға өлім жазасы кесілді...

Жылқайдар жазым болса, Қарақұм мен Қызылқұмның қазағы түгел көтеріледі. Айdos соны тілеп отыр. Қазактардың Нұртайға сілтеген сокқысы, ең алдымен, Жаңадария мен Куандария бойында отырған қарақалпактарға тиетін еді.

— Құдай сәтін салса, Сыр бойындағы ата қонысты қайтарып алудың сәті түсіп тұрған сияқты, інім. Тықы батыр шектінің билеріне тісін басып жүр еді. Қарақалпак тік көтеріліп, атқа қонатын күн туса, қол бастайтын да сол Тықы болар. Бара жатқан бетінде оған сокпай кетпе. Менің сәлемімді жеткізерсің. Маған тек Жаңадария бойындағы қалың қарақалпақтың көтерілгені керек. Мұнда Хиуа ханы қылышын тасқа жанып отыр. Хабаршы келген күні, жер қайысқан қол алып, артынан жетем!

Қазақ ішінде Сыр бойына алғаш қыстау басқан Жақайым Сартай би еken. Нұртай оны да Айdos биден есітті. Одан бері де он бес жылдай уақыт өтіпті... Сартайдан кейін Сырдарияның құйылысында Әйдербектер орнайды. Сонау Ерәлі сұлтанның шапқыншылығы кезінде ығыса бастаған қарақалпактар бүл күнде көшіп бітуге жақыннады...

Соны ойласа, Нұртайдың жүрегі сыйдайды. Ол жақта қалың қарақалпақ атқа қонып, бүл жақта Айdos би Хиуа сыпайларын алып жететін болса, қазактардың басына қара күн ойнайтыны анық.

Нұртай аттанып шыққалы жиырма күн. Тықының қамалында бөгеліп қалды. Қырда Тайлак бидің асы болғалы жатқанын сол жерде есіткен. Жылқайдардың ауылы онашасын тауып, капыда басулары керек еді. Нұртайдың бөгеле түскені де сондыктан...

Бүл екі арада Тықы да қарап жатқан жоқ. Жан-жақтағы қарақалпактар ауылына ат шаптырып, аталақты билерді алдыры... Басталғалы жатқан бүліншілікті ескеptіп, түгел елді тік көтерудің әрекетін ойластырып жатыр...

Бірақ... Каракалпак жақсылары баяғы алтыбақан алауыз қалпы... Нұртай олардың сөз әлпетінен шошып келеді... Бір оқыс іс көрсетуі керек...

— Ау, тан саз беріп қалды ғой!

Дауыстаған Ақназар еді. Нұртай басын көтеріп алды.

— Жігіттер, тұрындар! Жанназар, атты әкел!

Шырт үйқыда жатқан жігіттер апыр-топыр орындарынан тұрып жатыр.

— Ақназар, әлгіде айтқан тапсырмаларды ұмытқан жоқсын ғой?

— Қылп етпе, батыр! Айтқанындай болады!

Күрең төбел жетегінде, Жанназар келді. Әлгінің арасында ерттеп койыпты. Нұртай Жанназардың шықшыты шығыңқы қара сұр жүзіне сүйсіне қарайды. Жанназар оған Жаңадария бойынан еріп келді. Он алты жастағы түрі мынау, әр саусағы жас баланың білегіндей... Өсе келе Жанназардан түйе балуан шығады әлі...

— Жанназар, сенімен бірге болсын, — деді Ақназарға.

Жылқайдар ауылында қан төгіс болмай қоймайды. Жас жігітті жаза тиетін таяқтан сақтап қалуды ойлап тұр.

— Жолдарың болсын! — деді Ақназар арттарынан дауыстап.

Нұртай бастаған топ қозғалған кезде, көк жиекте қызыл шапақ шашырап еді. Көп түяктың дүбірі шырт үйқысын бұзғандай бұта-бұтаның астында қонақтап отырған бозторғайлар дүрк көтерілді. Шыр-шыр етіп, жолаушылардың алдын кес-кестеп, үстерінде шыр айналады.

Дала тактайдай жазық. Жас жусанның шашағы елбек қағады. Әр жерде селтейіп ерек шөп көрінеді. Тұндеғідей емес жел басылған. Таңғы самал айнала жусан иісін анқытады. Жер катқақ, аттар ауыздығын сүзе тастап, соктыра аяндайды.

Алыста биік жон, аппақ шағаладай көз тартады.

Күрең төбелді Нұртай алдында, жиырма жігіт Жылқайдар аулына ат қойды. Бір мезгіл тынығып алған аттар көнілдене көсілтеді. Бауырлары жазылған соң, созыла тартты. Сексен түяқ жер төбесін тесетіндей, сатыrlаған дыбысы даланы басына көтерді. Катқақ жердің шаны онша биіктемей, шұбала түсіп артта қалып жатыр. Нұртайдың қызыл шырайлы жүзі қара кошқыл тартып, демін алқына алады. Ауылға төніп келген сәт даусы санқ етті.

— Кездескен ерек кіндікті аямандар!

Жау тигенін ауылдағылар енді ғана байқап еді. Бір қатын-ның қатты шынғырған даусы шықты.

— Ойбай, жау!

Осы дауыс Достанның үйқысын шайдай ашты. Астан тұнделетіп қайтқан жігіт қатып ұбықташ қалған емен. Суық сөзден жүрегі дір еткен. Карманған қолына түк түспейді. Есікке жеткенше екі сүрінді. Үрей ұшқан, буын жок. Босағада сүйеулі тұрган наизаны да байқайтын емес.

— Достан, кездестің ғой ақыры! Баяғыда жығылып қалсан, қамшы үйретін едің! Енді қайтер екенсің?

— Нұртай!.. Сенбісің?

Достаның көз алдында Ақтүлпардың бейнесі жалт етті. Откен күз... жабық қорадан... осы Нұртайдың қорасынан өз қолымен жетектеп шығып еді... Нұртайдың қанжары көкірек сүйегіне тақалған сәт шыңғырып жіберді.

Достан кеңірдегінде қара қанжардың суық жүзі сыр еткенін ғана сезді. Коркырап құлап бара жатты.

Нұртай Бостанды төсегінде бауыздады.

Ауыл у-шу, ак үйлердің шанырағы ортасына түсті.

Байшоқының үйқысы сергек, құндегі әдеті таң сәріде тұрган. Үйде жақын туыстары Пірімжар қарт конак еді. Тебіренбестің астында бір үйір киік көріпті. Пірімжар түнде соны айтып, Байшоқының арқасын қоздырды. Бүтін атасы екеуі ат ұстап, киікке шығатын болып келісіп қойған. Төсектен бірге еріп, бұлактың басында жылқыны күтті. Пірімжар тан нағазын оқыды. Садағына оқ жонды... Соның қызығымен келіп қалған жауды да анғармай қалды. Шыңғырған дауыс шығып, қамысқа қарай қашқан катындарды көрген кезде ғана бастарын көтерді.

— Ойбүй, сорлаған екенбіз ғой! — Пірімжар Жылқайдардың сегіз қанат үйіне сатыр-сұтыр жауып кеткен сойылды байқап, Байшоқыны қолынан ұстай алды. — Қаш, бері қаш!

Көрі жүрек түсі бұзық аттылардың жай барымташи емес, қанды кекпен келген жау екенін түсінді. Шаныраққа сойыл сілтеу — қайтып көріспейтін қанішердің жұмысы... Ендеши кісі өлімі болуы да ықтимал... Екі көзі артында, Пірімжар Байшоқыны қолынан жетелеп қалың құрактың ішіне кіріп бара жатты.

Ауыл әп-сәтте үйпа-түйпа болды. Эйелдердің ойбайы молая түскен. Түйелерге жүк тенделді. Жау абыр-сабыр... Сүмдік сурет жанын түршіктірген Байшоқы калш-каш етеді.

Жау талаған дүние үлкен көш болып, ауылдан шыға берді. Алдыңғы түйеде екі қыз — Қарлығаш пен Тұйғын... Бостанның қыздары... Байшоқы бақырып жіберді.

— Апатаіларым! Ата-ау, әкетті ғой!

Пірімжардың көзі қырағы, бәрін көріп тұр. Баланың даусы кеудесінде булығып жатқан ашу-ызыданы дір еткізгендей. Қазір

баспаши жаудың кімдер екенін де аңғарып түр еді. Құрен төбелді Нұртайды нысанага алып, садағын шірене тартты. Сүр жебе ысқырына жөнелгенде, қартың қеудесінде күдік қаран етті.

Нұртай бейқам отыр еді. Жебе ердің қапталына дік еткенде, жалт қарады. Оң жақ ұзенгісі аяғынан сыптырылып барады екен. Сүр жебе қайыс таралғыны киып түсіпти.

Кім атқанын іздеп айнала қызыған көзі Қарашоқаттың басында ағызып келе жатқан жалғыз аттыны көрді. Ақтұлпар!..

Атты таныған сәтте, басқа дүние естен шыққан. Жас сәби Байшоқыны да Ақтұлпар құтқарып қалды.

Келе жатқан Жылқайдар еді. Өуелі көзіне қалын жылқы түскен. Торылары мен күрендері үйір-үйірімен Сарбұлаққа қарай жосып барады. Тал түсте жылқы қуатын бұл қандай жүрек жұтқандар? Бостан мен Достан... Қос табақтан ет жейтін сабаздарыңа болайын... Бірақ қарттың ой арқауы кенет үзілді. Тасбұлақтың басындағы үш ауылда сау шаңырақ жок, құйын жүріп өткендей екен. Он шақты түйелі көш шұбап шықты. Шапқыншылық екені көрініп түр... Батырдың жүрегі тіксініп, есіне Бостан мен Достан түсті. Кішкентай Байшоқыдан қауіптенген жок-ты.

Қарасы жиырма шақты адам, ауылдан шыққан жау, кенет жапырыла қозғалып, бері қарай ат қойды. Жылқайдар олардын анық өзіне төніп келе жатқанын біліп түр. Аяспас жаудын түрі... Сонан кейін көзіне ала шапандар шалынды. Қарақалпактар... Нұртай! Үргеніштегі Нұртай... Ақтұлпардың ізін шығарып келген... Тағы да есіне Бостан түсті. Бостанның жазым болғанына енді шәк келтірген жок. Кеше оған қатты наза болғанына өкінді. Қап, қарғысқа ұшырады-ау... Шаңырағын ортасына түсірген Нұртайдың жұмысы – арадан қан өткенін аңғартып түр еді. Ертеді тұла бойын мұздатып айықпай қойған жаман түйсік тәбе қүйкасын шымырлатып, қара табанынан бір-ақ шықты. Қартайған шағында тағдыр ауыр сынға кездестірді. Бар қаруы сары садақ пен он алты өрме қамышы... Қоян-қолтық шайқасқа онын екеуі де жарамсыз. Жауды жақынға жібермей, алыстан аңдысысу керек... Соны әлдеқалай түйсініп, ердің қасындағы сары садақты ала берді. Оң қолы қорамсақты кармалайды. Көзі жауда еді. Алға түскен қүрең төбелді нысанага алып, адирнасын тартты...

Әй, мынау Нұртай фой. Талай жыл есігінде жүріп, дәмін та-тып еді найсал... Қөзінің қыығымен Ақтұлпарға бір қарады. Қеудесін өкініш сыйздатты. Ізін шығарып, шын жауығып келген. Қатты ширығып, сары садақты шірене тартқан. Нұртай екі

жұз қадамдай жерде, жұзі ап-анық көрінді. Байлап-ақ атты. Қүрен төбел жалғыз қазыққа ұрынғандай тұмсығын жер сүзіп омақаса құлады.

Нұртайдың жүрек тұсын нысанага алып тартқан саржасы атқа тиді. Қартайғаны, қаруы қайтқаны ғой... Өзегін өрт шалғандай, өкініш үшқыны қөзінде жалт етті. Нұртайдың ізіндегі қалың нөпір түйдек-түйдек келіп қалыпты. Жылқайдар апылғұпты екі саржаны бірден сұзырып, құлашын аттың басында үйме-жүйме иірілген топтың ортасына ала бірінен сон бірін жөнелтті. Кимылы асығыс еді. Қөздемей атты.

Біреудің өкірген даусы шықты. Тиді! Жылқайдар ақырын бүйрүқ беріп тұрған Нұртайдың дауысын ап-анық есітті. Абыржып қалған жау оның тірі екенін жаңа байқағандай, бастарынан асыра былғаған сойылдары сорандап, алмас қылыштар жарқ етті. Жиырма жігіт жалғыз шалға жапырыла ұмтылды.

Енді кідіріп болмайтын еді. Ақтұлпарлы Сары шал Қарашоқатты бөктерлей тартып берді. Құғын көптің басын ыдыратып, жеке-жеке қарсы алу керек. Ат басын бұрып жатпай-ақ, қуған жауды ердің үстінде бір жамбастап жатып тартып-ақ түсіріп кете беретін жастау кезі көз алдында елестейді. Көрі омыртқа қатып қалған екен. Екі-үш рет оқталып қөріп, артына қайрылудың онтайын келтіре алмай, батырдың дінкесі құрыды. Ыза қысқанда, жұзі күп-күрен болды. Әзірге дәтке қуаты Ақтұлпар. Айқай-шуға делебесі қозған ат ауздығын жұлқып кояндай орғиды. Алдыңғы күні бәйге, кешелі бері жүріс, бұл да қашанғы шыдайды... Ақтұлпардың мойынында тер білінеді.

Құғыншылар жайылып артта қалды. Сірә, батырды ұзап бара жатқан қөшке шабар деп күтсе керек, бес-алты жігіт алдын кес-кестей салды. Артында екі-үш жігіт такап келе жатқан, Жылқайдар ат басын жалт бүрді. Садақ колда, саржа ауызында тістеулі еді. Бірақ, ашу қысқан асықкан күйі, төрт оғының үшеуі далаға кетті. Алдағы жігіт шалқалай құлағанда, қасындағы серігі жалт берді. Далақтап қашып барады.

Ақтұлпар да босанси бастапты. Батыр ат басын Қарашоқаттың басына қарай бүрді. Жау үрланып келе алмайтын биік жер. Мақсаты алыстан нысанага алып, бөгей беру еді. Ақтұлпар өрге салғанда, екі өкпесін соғып, сыр алдырды. Батыр қорамсақта қалған жебелерін санап келе жатыр. Алтауы қалыпты... Амал қайсы, осы таусылғанша жауды бөгей тұрап... әлі де тіршіліктен күдер үзген жок. Жан-жакта ауылдар бар... Астан қайтқан жұрт ойранның үстінен шығып қалса, ғажап па? Тек соған шейін мыналарды ірке тұруы, айналдырып жібермеуі керек...

Биік төбенің басында қарауылдай қақиып тұр. Аттан түскен жоқ. Әлгіде пышырап кеткен жау басын құрапты. Төртке бөлініп жан-жақтан қоршап келеді. Нұртай ат үстінде, жағалай шауып, әрқайсысына бір ақырады.

Біреуі топтан бөлініп, ұзап кеткен көшті бөгеді. Бір түйені бері қайтарып еді...

— Батыр, сөзге кел. — Нұртай жақындай қоймай, аулактан тіл қатты. — Өзің де түсініп тұрған шығарсың. Мен Ақтүлпарды қуып келдім. Бір басыңа азаттық. Ақтүлпардың жүгенін басына түріп, бері жібер.

— Оттама, жаман құл! Саған Ақтүлпар керек екен ғой. Әуелі желкеннің шұқырын көр! Ақтүлпарды сонда аласын!

Жылқайдар ашумен айтты. Аттан түсіп жаяу қалса, одан кейін не боларын құдай біледі. Батыр айбат шегіп тұр еді.

— Көрерміз!

Нұртай көш жаққа қамшысын шошайтты. Түье жетектеген әлгі жігіт желе шоқырактап келіп қалған екен. Мән шешесі көшке мінетін қараша інген... Екі жағында салақтаған не пәлесі еді... Кенет Жылқайдардың құлағына шынғырған аңы дауыс жетті... Тал бұрау түскен тайлақтай бакырады. Әйтеуір адамның дауысына үқсамайтын еді.

Апыр-ау, мынау Қарлығаш кой... Немересі... Бостанның қызы... Жылқайдар немерелерінің күмін танып тұр.

Бостанның екі қызы қаздың балапаныңдай қатар өсіп келе жаткан... Салақтаған солар екен... Бұрымдарын байластырып, екеуін түйенің екі жағына тастай салыпты. Қыздар жазы ағашқа қолымен жармасып, жанұшырып шынғырады.

Жылқайдардың діті қатты-ақ еді. Баяғы әкесі Сырлыбай дүние салған жолы бір рет жылапты. Онан соң қөзіне жас алған жері есінде жоқ. Мынау сүмдүк көрініс төбе құйқасын шымырлатты.

— Боталарым-ай!

Батырдың қозінен жас ыршып шықты. Ақтүлпарға қалай қамшы салды, Қарашоқаттың басынан қалай шауып түсті... Оны өзі аңғарған жоқ. Қарақалпактардың қалың ортасына койып кетті. Қара дойырды онды-солды сілтеп жүр...

Өнкей атан жілік қарулы жігіт жалғыз шалды қараша інгенге жеткізбеді. Қара сойыл мен көк найза жан-жағынан жауып кетті. Сары шалдың жасаураған көзі түк көрмейді. Құлағында боталарының дауысы, тек соларға жеткісі келеді.

— Ә, түстің бе қолға, Жылқайдар?

Нұртай ер бауырға шыдамасын біліп еді. Көштегі қыздарды әдейі алдыртты. Жылқайдармен карсы келіп қалып, найзасын

тоса берген... Ағыны қатты Ақтүлпар атылып кеткенде, батырдың көкірек тұсынан көк найза кірш етті.

Жылқайдар екі қолын жая шалқасынан құлады. Көкірек сүйегі қақ айрылғандай, қатты ышкынтықан ауруды бір-ак сезді... Содан соң қараңғы тұнғиыққа, шым батқан. Төс айылы шарт үзіліп ер сырпырылып түскенде, Ақтүлпар үрке шапшып кеткен. Құлап бара жатқан денені қос аяктап тепті.

Көз жауын алған арам дүние демің біткен күні басқа тебеді. Нұртайдың жүзі қаракүренденіп, сырт айналды. Әлде кімнің аянышты үні құлағына тиді.

— Обалдағы-ай! — дейді.

Сол сөз өз аузынан шыққандай, Нұртайдың құлағы шынылдады. Бүгін қанша жазықсыз жәбір көрді. Үш бірдей ердің түбіне жетті...

Ақтүлпардың шылбыры қолында... Бірақ қеудесінде өрекпіген қуанышты сезе алған жоқ. Жалғыз қалып жалынбай жан кешкен Жылқайдар ... Есіл ерді басқа тепкен хайуан... Көз алдында әлі түр. Нұртай жан-жағына мәнгіре қарайды.

— Жүрейік жігіттер, — деді, даусы булығып шыкты.

* * *

Әнетей үйқысынан қорқып тұрды. Бір өнкей қара қой... Ақпайдың аржағындағы күмның ішінен шығып, бері қарай еріп келеді екен. Құмырскадай қыбырлайды... Қекшекөлдің ұлтанаңдағы жартусыз мөлтегі есіне түскен Әнетейдің жүргегі зырк етті. Қой кайыра жұмсайтын баласы да жоқ, айқайласа дауысы шықпайды. Сөткенше болмай, қой дегені самсаған сары колға айналыпты. Алдында Әбілқайыр...

Осыдан қырық жыл бұрын өліп, ендігі сүйегі курап қалған қаһарлы хан... Түске енгенін әлі қоймайды. Қатты тіксінген шалырсаған қабырғасын тыр-тыр қасынып, он жағына аунап түсті. Қарын тұтқан терезенің орны қап-қара болып үніретіп, есқі балшық үйде құлімсі сыз ісі аңқиды. Енді қашан ұзак тұн аяқталып, өзі тан намазына отырғанша оған үйқы жоқ. Әтеней өкінді.

Жасы жетпістің үстіне шыққан қарт халық басынан кешкен үлкен бір дүрбелен дәүірдің көзі тірі күәсіндей еді.

Өткен күн бір көрініп жоғалған тұс сияқты. Зәуде Әнетей ақ найзаны қолға алып, айқай салып жауға шабатын жас құндерін аңсаса, көзіне жас келеді. Сөйтіп едім десен, казір кім нанғандай? Ауыздан тіс, аяқ колдан күш кетті. Каусаған шал... Әнетей ұзап сыртқа шықпайды.

Аласа қақыраның аядай терезесі бозамық тартты. Ойбай-аяу, таң атқаның да байқамай қалғаны ма?